

**ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ДАМУЫ:  
ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР  
РАЗВИТИЕ НАУКИ И ТЕХНИКИ:  
НОВЫЕ ИДЕИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

---

$$\frac{1}{2} \int_0^H \gamma_0 C \theta^2 dz + \int_0^t d\tau \int_0^H \lambda \left( \frac{\partial \theta}{\partial \tau} \right)^2 dz + \frac{\alpha}{2} \int_0^t \theta^2 (H, \tau) d\tau \leq C_1. \quad (7)$$

Мұнда

$$C_1 = \frac{1}{2} \int_0^H \gamma_0 C \theta_0^2(z) dz + \frac{\alpha}{2} \int_0^t T_g^2(\tau) d\tau.$$

Жоғарыда келтірілген дәлелдемелерді келесі бекіту түрінде ресімдеуге болады: егер  $\theta_0(z) \in L_2(0, H)$  және  $\gamma_0, C$  - шектеулі оң шамалар болса, онда (1) жүйенің

$$\gamma_0 C \frac{\partial \theta}{\partial t} = \frac{\partial}{\partial z} \left( \lambda \frac{\partial \theta}{\partial z} \right)$$

теңдеуінің шешу үшін (7) бағалау ақиқат.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Н. Тихонов, А.А. Самарский «Уравнения математической физики» / М., 1996
2. Б. Рысбайұлы «Идентификация коэффициента проницаемости пласта при упругом режиме добычи нефти», 2008
3. С.И. Кабанихин «Обратные и некорректные задачи» / Новосибирск, 2009

ӘОЖ 004.928

#### ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Даут О.А., 3 курс, электрмен қамтамасыз ету мамандығы, Қаратау құрылыс техникалық колледжі, Қаратау қаласы*

*Жузбаев Н.К., оқытушы, ізденуші, Қаратау құрылыс-техникалық колледжі*

*Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың маңыздылығы, мақсаты, талаптары, проблемалары мен оны шешу жолдары, ақпараттандыру кезінде оқу жайлы пайда болатын жаңа көзқарастың мазмұны, Қазақстанда енгізіліп жатқан компьютерлік технологияларды оқыту жобалары бағдарламаларының сипаттамасы мен олардың беретін пайдасы, қазіргі оқу жүйесіндегі оқытудың ақпараттық-компьютерлік технологияларының сипаттамасы қарастырылады.*

XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Олай болса, Қазақстан білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Адамзат тіршілігінің барлық саласына күн сайын терең еніп келе жатқан қазіргі таңдағы компьютерлік технологиялар – бұл өз бетінше біз игере алатын және игеруіміз тиісті өнер болып табылады.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамып, ақпараттар ағыны заманында білім алушылардың тұлға ретіндегі өзіндік ой-пікірлерін қалыптастырып, қабілетін, талантын дамыту барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің басты міндеті болып табылады. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес компьютерлік технологияларды енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген

**ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ДАМУЫ:  
ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР  
РАЗВИТИЕ НАУКИ И ТЕХНИКИ:  
НОВЫЕ ИДЕИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

---

студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи компьютерлік технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың ақпараттық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

Бұл тұрғыда компьютерлік графика мен дизайн едәуір күрделі құрылым болып саналса да, ол компьютерлік технологиялардың тек техникалық қана емес, сондай-ақ мәдени аспектіде де дамуына көмектеседі.

Қазіргі таңда дербес үй компьютерлердің көптеген интернет пайдаланушылары твиттерді және басқа да әлеуметтік желілерді қалай пайдалануды біледі. Олар беттерді, блогтарды және сайттарды безендіру үшін компьютерлік дизайнның бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктерін белсенді әрі үнемді пайдалана алады.

Біздің өмірімізге компьютерлік жаңа технологиялардың пайда болған күнінен бастап әртүрлі пішінде әртүрлі шығармашылық ойларды жүзеге асыру үшін шарттар мен құралдар пайда болды. Мысалға алсақ, дизайнерлер және суретшілер өздерінің шығармашылығында компьютерлік графика мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалана отырып, қазіргі заманғы «компьютерлік өнерде» өз туындыларын жасап шығаруда. Өнеркәсіптік және полиграфиялық дизайнда қазіргі компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы жақсы әрі нәтижелі шығармашылық жұмыстар жасалуда.

21 ғасырдағы компьютерлік графика және дизайн ғылыми-техникалық прогресстің барлық жолдарын бейнелей отырып, өнер мен қазіргі заманғы технологияларды шығармашылық процесстерде бір-бірімен байланыстырады.

Қазақстанда жалпы білім беру жүйесін ақпараттандыру ақпараттық қоғамның қалыптасуы жағдайында қоғамдық маңызға ие болып отыр. Білім беру жүйесі тәжіребесінде қалыптасқан жағдайларға жасалған талдаулар – жалпы білім беру жүйесін ұлттық, әлеуметтік – экономикалық, рухани және мәдени құндылықтармен біртұтас қарастыра отырып, ақпараттық қоғамдағы өзгерістерге сай түбегейлі қайта қарауды қажет етуде.

Қазақстанда әлемдік ақпараттық-білім кеңістігіне ену мүмкіндігін беретін білім жүйесінің қалыптасу жүйесін жүріп жатыр. Бұл процесс оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен тәжірибесіндегі едәуір өзгерістермен қатарласып өтуде.

Компьютерлік технологиялар оқытуда көңіл көтеретін қосымша емес, керісінше оқу процесінің пайдасын жоғарылататын ажырамас бөлігі ретінде қалыптасуы керек. Сондықтан да көптеген білім ордаларында оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру үшін барлық жағдайлар жасалуда.

Білім саласын компьютерлендіру елімізде ірі масштабтағы инновацияға жатады.

Қазіргі таңда білім саласында компьютерлік технологияларды ендірудің негізгі бағыттарының ішінен келесі бағыттарды ерекше атап өтуге болады:

- Компьютерлік техниканы сабақ беру процесін жаңартатын, оның сапасы мен нәтижесін жоғарылататын оқыту құралы ретінде пайдалану;
- Компьютерлік технологияларды оқыту, өзін тану құралы ретінде пайдалану;
- Компьютерді және басқа да ақпараттық технология құралдарын зерттеу нысаны ретінде қабылдау;
- Жаңа ақпараттық технология құралдарын білім алушының шығармашылығын дамытатын құрал ретінде пайдалану;
- Компьютерлік техниканы бақылау, тестілеу және психодиагностика процесстерін автоматтандыру құралы ретінде пайдалану;

**ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ДАМУЫ:  
ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР  
РАЗВИТИЕ НАУКИ И ТЕХНИКИ:  
НОВЫЕ ИДЕИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

---

- Соңғы үлгідегі ақпараттық технология жүйесін пайдалану негізінде оқу орнын және оқу процесін басқаруды жетілдіру.

Қазіргі кездегі білім беруді ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған білім стандартын, оқудың озық технологияларын, информатикадан білім негіздерін оқыту процесіне енгізу орта білім беру жүйесін ақпараттандыру негізі болып табылады.

Орта білім беру жүйесіндегі информатиканың ролі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым – қатынасын үйлесімді етудегі және ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық технологияны қалыптастырудағы, сондай-ақ оның әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі. Информатиканың мектепке енуі сонымен бірге педагогикалық ғылымдардың парадигмалық және методологиялық өзгерістерін талап ететін қазіргі ақпараттық қоғамға сәйкес келіп отыр. Олай болса, орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізі – информатика курсының мазмұнын өзгерту болады. Сондықтан информатиканың мамандыққа баулу курсының мазмұнын ақпараттық қоғам жағдайында анықтау негізгі мәселелердің біріне айналып отыр.

Ақпараттық қоғам жағдайында қызмет ету салаларының барлық түрін ақпараттандыру – бүгінгі күннің негізгі талабына айналып отыр. Ал бұл талапты қанағаттандыру үшін мамандарды осы бағытта дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан аталған қажеттілікті шешу барысында ақпараттық қоғамға қандай мамандар дайындау мақсатында оқу бағдарламасын, оқу-әдістемелік кешендері, электронды оқулығы мен қолданбалы программалық құралдары жасақталған.

Бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, web – дизайн, жүйелік программалаушы, администратор және тағы басқа мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады.

Компьютерлік графиканы білмей қандай да болмасын құжатты безендіру өте қиын. Сондықтан, графикаға арналған бағдарламаларды білу өте қажет. Қазіргі кезде компьютерлік графикаға байланысты кәсіби мамандықтар талап етілінетіні белгілі және де ондай кәсіпті тандаған азаматтар графикамен жұмыс жасайтын бағдарламаларды бесаспап білуі тиіс. Сонда ғана бәсекеге қабілетті қоғамда өмір сүру мүмкіндігі туады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. А.Г. Буткарев, Е.А. Соколова «Место компьютерной графики в подготовке специалистов для пищевой промышленности», 2014
2. А.П. Сергеев, С.В. Кущенко «Основы компьютерной графики. Adobe Photoshop и Corel DRAW два в одном. Самоучитель» / М., 2006
3. Г.А. Кнабе «Энциклопедия дизайнера печатной продукции. Профессиональная работа» / К., 2005
4. <http://www.perfect-design.ru/stati17.html>
5. <http://design.trilan.ru/articles/image-formats.html>